| 4.2.2. қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету; | 4.2.2. требовать досрочного возврата суммы микрокредита и вознаграждения по нему при нарушении заемщиком срока, установленного для возврата очередной части микрокредита и (или) выплаты вознаграждения, более чем на сорок календарных дней; |
| 4.2.3. қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу бойынша келісімге қол жеткізілмеген және қарыз алушы-жеке тұлға берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда, негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті қарыз алушы-жеке тұлғаның келісімін алмастан өндіріп алуға не нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде кепіл затын талап етуге не кепіл затын өндіріп алу. | 4.2.3. взыскать задолженность, включая основной долг, вознаграждение и неустойку (штраф, пеню), на основании исполнительной надписи нотариуса без получения согласия заемщика-физического лица в случае не достижения соглашения по урегулированию задолженности по результатам рассмотрения заявления заемщика-физического лица и непредставления заемщиком-физическим лицом возражений по задолженности, либо истребовать предмет залога на основании исполнительной надписи нотариуса либо |

| | |
|---|---|
| Сондай-ақ, Ұйым Қарыз алушы Микрокредитті қайтару және/немесе сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұл) және Кепіл билеті бойынша басқа да міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған кезде, өз қалауы бойынша сот органдарына тиісті талап-арызбен жүгінуге немесе Қарыз алушыдан кепіл мүлкін бас тарту ретінде қабылдауға немесе соттан тыс тәртіппен кепіл затынан өндіріп алуға құқылы. | обратить взыскание на предмет залога. Также, Организация вправе при неисполнении и/или ненадлежащем исполнении Заемщиком обязательств по возврату Микрокредита и/или уплате вознаграждения и неустойки (пени, штрафа) и других обязательств по Залоговому билету, по своему усмотрению обратиться в судебные органы с соответствующим иском, либо принять от Заемщика залоговое имущество в качестве отступного, либо во внесудебном порядке обратить взыскание на предмет залога. |
| 4.2.4. Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған кезде (Кепіл затының нашарлауын және т. б. қоса алғанда) Қарыз алушыға микрокредит мерзімін және микрокредитті өтеу мерзімін ұзартудан бас тарту; | 4.2.4. отказать Заёмщику в продлении срока Микрокредита и срока погашения Микрокредита, при неисполнении и/или ненадлежащем исполнении обязательств Заёмщиком по Залоговому билету (включая: ухудшение Предмета залога и т.д.; |
| 4.2.5. кепілзатты тоқтатпау, кепілзаттың тоқтатылуын тіркемеу, Кепіл билетінде көзделген барлық талаптарды Қарыз алушы толық орындағанға дейін, оның ішінде Кепілзатта орнатылған GPS жабдық қайтарылмаған, сол сияқты жоғалған немесе бүлінген жағдайда Қарыз алушы Ұйымға келтірілген залалды өтегенге дейін Кепілзатқа ауыртпалықты тіркеуден шығармау; | 4.2.5. не прекращать залог, не регистрировать прекращение залога, не снимать с регистрации обременение Предмет залога до полного исполнения Заёмщиком всех условий, предусмотренных Залоговым билетом, в том числе в случае невозврата, а равно утраты или повреждения установленного на Предмете залога GPS оборудования, до возмещения Заёмщиком причиненных убытков Организации; |
| 4.2.6. Қарыз алушыдан Кепіл билетті жасау және Кепіл билетті жасаған кезде, сонымен қатар кез келген уақытта Кепіл билет әрекет ететін барлық мерзім барысында ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату; | 4.2.6. запрашивать у Заёмщика документы и сведения, необходимые для заключения Залогового билета и исполнения обязательств по нему как при заключении Залогового билета, так и в любое время в течение всего срока действия Залогового билета; |
| 4.2.7. Белгіленген сыйақыны төлеу және кейін Кепілзатты Ұйымға ерікті түрде беру бойынша берешек түзілген жағдайда (Кепіл билеттің 3.1.11. тармағына сәйкес), сонымен қатар барлық әрекетті берешекті жабу немесе Микрокредит сомасын өтеу бойынша міндетті шартты ескере отырып, Кепілзатты ұйымға беру сәтінен бастап Қарыз алушымен міндеттемені нақты орындау күніне дейін есепке жазылатын тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұл) 50% дейін азайту, сонымен қатар Кепіл билеттің 2.3. т. көзделген айыппұлдың төленуін болдырмау. Осы жағдайда Кепілзат тек Қарыз алушы Кепіл билет бойынша барлық міндеттемелерді орындаған кезде Ұйымнан қайтадан Қарыз алушыға беріледі; | 4.2.7. в случае образовавшейся задолженности по оплате установленного вознаграждения и последующей добровольной передачи Предмета залога Организации (в соответствии с пунктом 3.1.11. Залогового билета), а также с обязательным условием закрытия всей имеющейся задолженности или погашением суммы Микрокредита, уменьшить до 50% начисляемую неустойку (пеню, штраф) с момента передачи Предмета залога Организации и до даты фактического исполнения Заёмщиком обязательств, а также отменить оплату штрафа, предусмотренного в п. 2.3. Залогового билета. При этом, Предмет залога передаётся обратно от Организации Заёмщику только при исполнении Заёмщиком всех обязательств по Залоговому билету; |

| | |
|---|---|
| 4.2.8. Қарыз алушы берешекті өтеу үшін қандай да бір жасырын және/немесе айқын ақаулары бар Кепілзатты берген жағдайда, немесе Кепілзаттың құнын азайтатын ақаулықтар туындаған жағдайда, Қарыз алушыдан Кепілзатты қайта бағалау және кейін оны жөндеу ақысын төлеуді талап ету; | 4.2.8. в случае передачи Заёмщиком в счет погашения задолженности Предмета залога со скрытыми и/или явными дефектами каких-либо узлов и агрегатов, либо возникновения неисправностей, уменьшающих стоимость Предмета залога, переоценить и потребовать от Заемщика произвести за его счет ремонт Предмета залога; |
| 4.2.9. Микрокредитті қайтару төлемі Қарыз алушымен 5 (бес) жұмыс күнінен астам мерзімге кешіктірілген кезде, мына жағдайларда Қарыз алушыдан (немесе үшінші тұлғадан) талап ету және Кепілзатты ұстап қалу:<br>1) Кепілзаттың нашарлауы, сол сияқты Кепілзаттың жоғалу немесе бүліну қаупі;<br>2) Қарыз алушының Кепілзатты үшінші тұлғаға беруі және Кепіл билетінің 3.1.9-тармағында көзделген жағдайларда Ұйымның жазбаша келісімінсіз. | 4.2.9. при просрочке даты погашения Микрокредита Заёмщиком, более чем на 5 (пять) рабочих дней, истребовать у Заёмщика (или у третьих лиц) и удерживать Предмет залога, а также в случаях:<br>1) ухудшения Предмета залога, равно как и угроза утраты или повреждения Предмета залога;<br>2) передачи Заёмщиком Предмета залога третьему лицу и в случаях, предусмотренным п.3.1.9. Залогового билета, без письменного согласия Организации. |
| 4.2.10. Микрокредит бойынша төлемдердің мерзімін өткізіп алу фактілері анықталған жағдайда, бұл туралы Қарыз алушыны және/немесе үшінші тұлғаларды телефон/ұялы байланыс, электрондық пошта, тапсырыс хаты бойынша не Whatsapp, Telegram мессенджерлері бойынша хабарламалар, жұмыс орны бойынша жазбаша хабарламалар, телефонограмма және т. б. арқылы хабардар ету. Осы жағдайда Қарыз алушыны оның мерзімі кешіктірілген берешегі туралы хабардар қылу коммерциялық құпияны ашу болып табылмайды, және Қарыз алушы Өтінішке қол қою арқылы Ұйыммен осы тармақта көзделген әрекеттерді жасауға келісім береді. | 4.2.10. в случае выявления фактов просрочки платежей по Микрокредиту, оповестить Заёмщика и/или третьих лиц об этом посредством сообщений по телефонной/мобильной связи, электронной почтой, заказным письмом, либо мессенджерам Whatsapp, Telegram, письменных уведомлений по месту работы, телефонограммы и т.п. При этом извещение Заёмщика о его просроченной задолженности не является раскрытием коммерческой, финансовой тайны, и Заёмщик подписанием Заявления дает согласие Организации на совершение действий, предусмотренных настоящим пунктом; |
| 4.2.11. Берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөнінде қызметтер көрсету үшін коллекторлық агенттікті тарту. | 4.2.11. Привлечь коллекторское агентсво для оказания услуг по досудебным взысканию и урегулированию задолженности, а также сбору информации, связанной с задолженностью заемщика. |
| 4.2.12. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру. | 4.2.12. осуществлять иные права, установленные действующим законодательством Республики Казахстан |
| **4.3. Ұйымның құқықтары жоқ:** | **4.3. Организация не вправе:** |
| 4.3.1. сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) Микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіпте өзгерту; | 4.3.1. изменять в одностороннем порядке ставки вознаграждения (за исключением случаев их снижения) и (или) способ и метод погашения Микрокредита; |
| 4.3.2. Микрокредитті және Микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыға кез | 4.3.2. устанавливать и взимать с Заёмщика любые платежи, за исключением суммы Микрокредита, вознаграждения и неустойки |

| | |
|---|---|
| келген төлемдерді белгілеу және одан өндіріп алу; | (штрафа, пени) по Микрокредиту; |
| 4.3.3. Қарыз алушымен Микрокредитті мерзімінен бұрын немесе ішінара өтеу кезінде Микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және басқа төлемдерді талап ету; | 4.3.3. при досрочном или частичном погашении Заёмщиком Микрокредита, требовать неустойку (штраф, пеню) и другие платежи за досрочный возврат Микрокредита; |
| 4.3.4. егер Микрокредитті және/немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуға тыйым салынады, және Микрокредитті және/немесе сыйақыны төлеу одан кейін келетін жұмыс күні жүргізіледі, Кепіл билетінің 3.2.2-тармағының 2-абзацында көзделген жағдайларды қоспағанда; | 4.3.4. взимать неустойку (штраф, пеню) в случае, если дата погашения Микрокредита и/или вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, и уплата Микрокредита и/или вознаграждения производится в следующий за ним рабочий день, за исключением случаев, предусмотренного абзацем 2 пункта 3.2.2. Залогового билета; |
| 4.3.5. кез келген валюта баламасына байланысты Кепіл билет бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу. | 4.3.5. производить индексацию обязательства и платежей по Залоговому билету, с привязкой к любому валютному эквиваленту. |
| 4.3.6. Кепіл билеті бойынша Микрокредит сомасын ұлғайту. | 4.3.6. увеличивать суммы Микрокредита по Залоговому билету. |
| **5. Берешекті сотқа дейін реттеу тәртібі. Шарттық соттылық** | **5. Порядок досудебного урегулирования задолженности. Договорная подсудность** |
| 5.1. Ұйым Қарыз алушыға телефон/ұялы байланыс, электрондық пошта, тапсырыс хаты бойынша хабарламалар не Whatsapp, Telegram мессенджерлері, жұмыс орны бойынша жазбаша хабарламалар, телефонограмма және т. б. арқылы жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін жазбаша хабарламалар арқылы Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей, Кепіл билетінде көрсетілген хабарламаны жіберуге тиіс: | 5.1. Организация должна направить Заемщику посредством сообщений по телефонной/мобильной связи, электронной почтой, заказным письмом либо мессенджерам Whatsapp, Telegram, письменных уведомлений по месту работы, телефонограммы и т.п., обеспечивающих фиксирование доставки, не позднее двадцати календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по Залоговому билету, уведомления о: |
| 5.1.1. міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің, оның ішінде негізгі борыштың, сыйақының және тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшерін көрсете отырып, Кепіл билеті бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі туралы; | 5.1.1. возникновении просрочки по исполнению обязательства и необходимости внесения платежей по Залоговому билету с указанием размера просроченной задолженности, в том числе основного долга, вознаграждения и неустойки (штрафа, пени) на дату, указанную в уведомлении; |
| 5.1.2. қарыз алушының микроқаржы ұйымына жүгіну туралы; | 5.1.2. праве заёмщика обратиться в микрофинансовую организацию; |
| 5.1.3. Кепіл билеті бойынша қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы.<br>Ұйым қарыз алушыға хабарлау үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы. | 5.1.3. последствиях невыполнения заёмщиком своих обязательств по Залоговому билету.<br>Организация вправе привлечь коллекторское агентство для уведомления заёмщика. |
| 5.2. Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған | 5.2. В течение тридцати календарных дней с даты наступления просрочки исполнения |

| | |
|---|---|
| күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушы микроқаржы ұйымына баруға және (немесе) Кепіл билетінде көзделген тәсілмен Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және Кепіл билетінің талаптарына өзгерістер енгізу туралы, оның ішінде Кепіл билетімен байланысты басқа да расталған мән - жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті жазбаша нысанда немесе Кепіл билетінде көзделген тәсілмен ұсынуға құқылы, оынң ішінле келесілермен байланысты:<br>1) сыйақы мөлшерлемесін не Кепіл билеті бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертумен;<br>2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдырумен;<br>3) берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып, өзгертумен;<br>4) микрокредит мерзімін өзгертумен;<br>5) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешірумен, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюмен;<br>6) микроқаржы ұйымына кепілге салынған мүлікті беру жолымен Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсынумен; | обязательства по Залоговому билету заемщик - вправе посетить микрофинансовую организацию и (или) представить в письменной форме либо способом, предусмотренным Залоговым билетом, заявление, содержащее сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по Залоговому билету, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия Залогового билета в том числе связанных с:<br>1) изменением в сторону уменьшения ставки вознаграждения либо значения вознаграждения по Залоговому билету;<br>2) отсрочкой платежа по основному долгу и (или) вознаграждению;<br>3) изменением метода погашения или очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке;<br>4) изменением срока микрокредита;<br>5) прощением просроченного основного долга и (или) вознаграждения, отменой неустойки (штрафа, пени) по микрокредиту;<br>6) представлением отступного взамен исполнения обязательства по Залоговому билету путем передачи микрофинансовой организации заложенного имущества; |
| 5.3. Ұйым қарыз алушы - жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Кепіл билетінің шарттарына ұсынылған өзгерістерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және жазбаша нысанда не осы Кепіл билетінде көзделген тәсілмен қарайды, қарыз алушы-жеке тұлғаға мыналар жөнінде хабарлайды:<br><br>1) Кепіл билетінің шарттарына ұсынылған өзгерістермен келісуі;<br><br>2) берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;<br><br>3) бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсетумен, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы.<br><br>5.4. Қарыз алушы ұйымның Кепіл билетінің | 5.3. Организация в течение пятнадцати календарных дней после дня получения заявления заемщика - физического лица рассматривает предложенные изменения в условия Залогового билета в порядке, установленном нормативным правовым актом уполномоченного органа, и в письменной форме либо способом, предусмотренным настоящим Залоговым билетом, сообщает заемщику -физическому лицу о (об):<br><br>1) согласии с предложенными изменениями в условия Залогового билета;<br><br>2) своих предложениях по урегулированию задолженности;<br><br>3) отказе в изменении условий Залогового билета с указанием мотивированного обоснования причин отказа. |

| | |
|---|---|
| шарттарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып немесе Кепіл билетінің шарттарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде микроқаржы ұйымын бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы.<br>Уәкілетті орган қарыз алушының өтінішін оның Ұйымға өтініш білдіргені және Ұйыммен Кепіл билетінің талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбегені туралы дәлелдемелер ұсынылған кезде қарайды.<br>Қарыз алушы - жеке тұлғаның өтінішін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды. | 5.4. Заемщик в течение пятнадцати календарных дней с даты получения решения Организации об отказе в изменении условий Залогового билета с указанием мотивированного обоснования причин отказа или при не достижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Залогового билета вправе обратиться в уполномоченный орган с одновременным уведомлением микрофинансовой организации.<br>Уполномоченный орган рассматривает обращение заемщика при представлении доказательств его обращения в Организацию и не достижения с Организацией взаимоприемлемого решения об изменении условий Залогового билета.<br>Обращение заемщика - физического лица рассматривается уполномоченным органом в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. |
| 5.5. Кепіл билетінің 5.1.1-тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ қарыз алушы Кепіл билеті бойынша осы Кепіл билетінің 5.2-тармағында көзделген құқықтарды сатпаған немесе қарыз алушы мен Ұйым арасында Кепіл билетінің талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда Ұйым құқылы:<br>1) қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарауға.<br>2) берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге.<br>3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Кепіл билетінде көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде Кепіл билеті бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап қойып жүгінуге, сондай-ақ кепілге салынған мүліктен соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алуға; | 5.5. В случаях неудовлетворения требования, предусмотренного подпунктом 5.1.1. залогового билета, а также не реализации заемщиком по Залоговому билету прав, предусмотренных пунктом 5.2. Залогового билета, либо отсутствия согласия между заемщиком и организацией по изменению условий Залогового билета Организация вправе:<br>1) рассмотреть вопрос о применении мер в отношении заемщика.<br>2) передать задолженность на досудебные взыскание и урегулирование коллекторскому агентству.<br>3) применить меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и (или) Залоговым билетом, в том числе обратиться с иском в суд о взыскании суммы долга по Залоговому билету, а также обратить взыскание на заложенное имущество во внесудебном порядке либо в судебном порядке; |
| 5.6. Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:<br>телефон/ұялы байланыс, электрондық пошта, тапсырыс хат немесе WhatsApp, Telegram мессенджерлері бойынша хабарламалар, жұмыс орны бойынша жазбаша хабарламалар, телефонограммалар және т. б. арқылы.<br>Хабарламаны адресатқа, алушыға берудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартумен байланысты, сондай-ақ | 5.6. Уведомление считается доставленным, если оно направлено Заемщику одним из следующих способов, посредством сообщений по телефонной/мобильной связи, электронной почтой, заказным письмом либо мессенджерам Whatsapp, Telegram, письменных уведомлений по месту работы, телефонограммы и т.п. В случае возврата уведомления с отметкой о невозможности его вручения адресату, получателю, либо в связи с отказом в его принятии, а также не подтверждением его |

| | |
|---|---|
| WhatsApp, Telegram қабылданғанын (оқылғанын) растамауына байланысты және өзге де байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.<br>5.7. Қарыз алушының берешек бойынша өтініш бермеуі оның міндеттемені орындамаудағы кінәсін мойындауы болып табылады.<br>5.8. Егер берешекті сотқа дейін реттеу бойынша шаралар келіспеушіліктер мен дауларды реттеуге әкелмесе, онда даулар Алматы қаласы Бостандық аудандық сотына шешуге беріледі. | принятия (прочтения) WhatsApp, Telegram и при использовании иного средства связи, уведомление считается направленным надлежащим образом.<br>5.7. Не предоставление Заемщиком заявления по задолженности является признанием его вины в неисполнении обязательства.<br>5.8. В случае, если меры по досудебному урегулированию задолженности не привели к урегулированию разногласий и споров, то споры передаются на разрешение в Бостандыкский районный суд г.Алматы. |
| **6. Ерекше талаптар**<br>6.1. Кепіл билетімен реттелмеген барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және Микрокредиттер беру қағидаларын басшылыққа алатын болады.<br>6.2. Қарыз алушы Ұйымның жазбаша келісімінсіз Кепіл билет бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.<br>6.3. Микрокредиттің мерзімін және микрокредитті өтеу мерзімін ұзарту сыйақы мен тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) (болған жағдайда) бойынша берешек толық төленген кезде ғана мүмкін болады, бұл ретте Микрокредиттің жалпы мерзімі 1 (бір) жылдан аспауға тиіс. Осы тармақта көрсетілген төлемдерді төлегеннен кейін Ұйым Қарыз алушыға жаңа Өтеу кестесін жасайды және береді.<br>6.4. Қарыз алушы Микрокредитті ішінара өтеген жағдайда, сыйақы сомасы Микрокредиттің қалған бөлігінің жалпы сомасына шаққандағы пайыздық арақатынаста белгіленеді. Микрокредитті ішінара өтеу келесі шарттарда мүмкін болады:<br>1) Қарыз алушыдан Микрокредитті ішінара өтеу туралы өтініш алған;<br>2) егер Микрокредитті ішінара өтеу сомасы екі еселенген мөлшерде ай сайынғы сыйақы сомасынан кем болмаса.<br>Микрокредитті ішінара өтеу кезінде Ұйым берешек сомасын қайта есептейді және Қарыз алушыға жаңа Өтеу кестесін береді.<br>Микрокредит сомасы тек Қарыз алушы | **6. Особые условия**<br>6.1. Во всём, что не урегулировано Залоговым билетом, Стороны будут руководствоваться действующим законодательством Республики Казахстан и Правилами предоставления микрокредитов.<br>6.2. Заёмщик не имеет право передавать свои права и обязанности по Залоговому билету третьим лицам без письменного согласия Организации.<br>6.3. Продление срока Микрокредита и срока погашения Микрокредита возможно лишь при полной уплате вознаграждения и задолженности по имеющейся неустойке (штрафам, пени) (при наличии), при этом общий срок Микрокредита не должен превышать 1 (одного) года. После уплаты указанных в этом пункте платежей Организация составляет и выдает Заёмщику новый График погашения.<br>6.4. В случае частичного погашения Заёмщиком Микрокредита, сумма вознаграждения будет установлена в процентном соотношении от общей суммы оставшейся части Микрокредита. Частичное погашение Микрокредита возможно при условии:<br>1) получения заявления от Заемщика о частичном погашении Микрокредита;<br>2) если сумма частичного погашения Микрокредита составляет не менее суммы ежемесячного вознаграждения в двойном размере.<br>При частичном погашении Микрокредита Организация производит |

| | |
|---|---|
| сыйақы бойынша берешекті және тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұл - болған кезде) өтегеннен кейін өтелуі мүмкін.<br>Микрокредитті толық өтеу Қарыз алушы Микрокредиттің барлық сомасын бірыңғай төлеммен енгізген кезде, сыйақы және тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) бойынша берешек болмаған кезде жүргізіледі. | перерасчет суммы задолженности и выдает Заёмщику новый График погашения.<br>Сумма Микрокредита может погашаться частично только после погашения Заёмщиком задолженности по вознаграждению и неустойке (пеня, штраф - при наличии).<br>Полное погашение Микрокредита производится при внесении Заёмщиком всей суммы Микрокредита единым платежом, при отсутствии задолженности по вознаграждению и неустойке (штраф, пеня). |
| 6.5. Қарыз алушы болмаған жағдайда, Микрокредитті өтеу мерзімін ұзарту, Кепіл билет бойынша берешекті өтеу, Микрокредитті толық немесе ішінара өтеуді үшінші тұлғаға жүзеге асыруға болады. Бұл ретте үшінші тұлға жүзеге асырған төлемдер Кепіл билеті бойынша оның міндеттемелерін орындау есебіне одан қабылданған болып есептеледі. | 6.5. В случае отсутствия Заёмщика, продление срока Микрокредита и срока погашения Микрокредита, погашение задолженности по Залоговому билету, полное или частичное погашение Микрокредита допускается производить третьему лицу. При этом платежи, осуществленные третьим лицом, считаются принятыми как от него, в счет исполнения его обязательств по Залоговому билету. |
| 6.6. Кепіл билеттің 6.3. - 6.4. т. сәйкес құрастырылған жаңа Өтеу кестесі Өтініштің 1.11 тармағында көрсетілген Қарыз алушының ұялы телефон нөміріне WhatsApp және Telegram хабарлама қосымшалары арқылы жіберіледі және төлемдер үшін негіз болып табылады.<br>Ұйым Өтеу кестесін жолдаған кезде Қарыз алушы жаңа шарттармен танысқан және келіскен болып саналады. Жаңа өтеу кестесінде көрсетілген жаңа шарттармен келіспеген жағдайда, Қарыз алушы жаңа Кестені алғаннан кейін сол күні өзіне ыңғайлы кез келген тәсілмен (смс-хабарлама, WhatsApp және Telegram мессенджерлері не электрондық пошта) қарсылықтарды жіберуге міндетті.<br>Осы тармақ шарттары келесі жағдайлар үшін қарастырылған:<br>- егер Қарыз алушы ақыны төлеуді қолма-қол ақшасыз әдіспен жүргізсе;<br>- егер төлем үшінші тұлғамен Қарыз алушы атынан жүзеге асырылса.<br>Қарыз алушы тарапынан наразылықтың жоқ болуы оның жаңа Өтеу кестесінде көрсетілген жаңа шарттармен толық келісуін білдіреді.<br>Ұйым Қарыз алушыға жаңа кестені мынадай жолмен ұсынуы мүмкін, Ұйым Қарыз алушыға жаңа кестеге көшуге және құпия кодқа сілтемені қамтитын смс-хабарлама жібереді, Қарыз алушы құпия кодты | 6.6. Новый График погашения, составленный в соответствии с п. 6.3.— 6.4. Залогового билета, направляется на мобильный номер телефона Заёмщика, указанный в п. 1.11 Заявления, посредством мессенджеров WhatsApp и Telegram и является основанием для платежей. При направлении Организацией нового Графика погашения, Заёмщик считается ознакомленным и согласным с новыми условиями. В случае несогласия с новыми условиями, указанными в новом Графике погашения, Заёмщик обязан в тот же день после получения нового Графика направить возражения любым удобным для него способом (смс-сообщение, мессенджеры WhatsApp и Telegram, либо электронная почта).<br>Условия настоящего пункта предусмотрены для следующих случаев:<br>- если Заёмщик производит оплату платежа безналичным способом;<br>- если платеж осуществлен третьим лицом от имени Заёмщика.<br>Отсутствие возражения со стороны Заёмщика, выражает его полное согласие с новыми условиями, указанными в новом Графике погашения.<br>Новый график Заемщику также может быть предоставлен Организацией следующим образом, так Организация направляет Заемщику смс-сообщение, которая содержит ссылку на переход к новому Графику и |

| | |
|---|---|
| енгізгеннен кейін жаңа Кестеге көп факторлы аутентификация арқылы Қарыз алушымен қол қойылған ретінде саналады.<br>Егер Қарыз алушы тіркелген және Қарыз алушының жаңа Кесте берілетін **my.creditline.kz** порталындағы Жеке кабинетке рұқсаты бар болса, Қарыз алушы «Кестеге қол қою» батырмасын іске қосқаннан кейін, жаңа Кесте көп факторлы аутентификация арқылы Қарыз алушымен қол қойылған ретінде саналады. | секретный код, после ввода Заемщиком секретного кода, новый График считается подписанным Заемщиком посредством многофакторной аутентификации.<br>В случае, если Заемщик зарегистрирован и имеет доступ в Личный кабинет на портале **my.creditline.kz,** в котором Заемщику предоставляется новый График, после активации Заемщиком кнопки «Подписать график», новый График считается подписанным Заемщиком посредством многофакторной аутентификации. |
| 6.7. Қарыз алушы мынаны растайды:<br>- өзінің еркімен және өзінің мүддесінде әрекет ететін, толықтай әрекетке қабілетті жеке тұлға болып табылады;<br>- Кепілзат оған меншік құқығында тиесілі, басқа кепіл шарттары бойынша кепілзат болып табылмайды және үшінші тұлғалардың өзге құқықтарымен ауыртпалық салынбаған, көлік құралын Ұйымға кепілге беруге жұбайынан (зайыбынан) келісімдер алынғанын, сонымен қатар дауда және тыйым шегінде орналаспайды.<br>- Өтінішке қол қойып, Кепілзатты иелену және пайдалану мақсатында ұйымнан Кепілзатты (кілттерді және меншік құқығын растайтын құжаттарды қоса алғанда) алды;<br>- Кепілзатқа Ұйымның меншігі болып табылатын және Кепіл билеттің қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін қайтарылуы тиіс GPS жабдық орнатылған;<br>- Кепіл билетінің шарттарымен, Микрокредит алуға байланысты құқықтармен және міндеттермен, Микрокредит беру қағидаларының ережелерімен, ұйымның тарифтерімен, әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларымен толық көлемде танысты;<br>- Кепілзатты бағалау құнымен келіседі;<br>- Өтініште көрсетілген ұялы телефон/whatsapp нөмірі дұрыс және жарамды. | 6.7. Заёмщик подтверждает, что:<br>- является полностью дееспособным физическим лицом, действующим своей волей и в своем интересе;<br>- предмет залога принадлежит ему на праве собственности, не является предметом залога по другим договорам залога и не обременён иными правами третьих лиц, а также в споре и под арестом не состоит, что получены согласия и одобрения от супруга(супруги) на предоставление в залог Организации транспортного средства;<br>- подписав Заявление получил Предмет залога (включая ключи и документы, подтверждающие право собственности) от Организации в целях владения и пользования Предметом залога;<br>- на Предмет залога установлено GPS оборудование, которое является собственностью Организации и должно быть возвращено после исполнения всех обязательств по Залоговому билету;<br>- в полном объёме ознакомился с условиями Залогового билета, правами и обязанностями, связанными с получением Микрокредита, положениями Правил предоставления микрокредита, тарифами Организации, проектами графиков погашения рассчитанных различными методами;<br>- согласен со стоимостью оценки Предмета залога;<br>- номер мобильного телефона/whatsapp, указанный в Заявлении, является правильным и действительным. |
| 6.8. Қарыз алушы Ұйымға өзінің келісімін береді:<br>- берілген сенімхат негізінде Кепілзатты соттан тыс өндіріп алуға/өткізуге немесе Ұйымның өз бетінше өткізуіне, сондай-ақ егер сауда-саттық өтпеді деп танылса, | 6.8. Заёмщик даёт своё согласие Организации:<br>- на внесудебное обращение взыскание/реализацию Предмета залога или самостоятельную реализацию Организацией Предмета залога на основании выданной |

| | |
|---|---|
| Микрокредит сомасын өтеу, сыйақы және/немесе тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұл) төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Кепілзатты Ұйымның меншігіне айналдыруға;<br>- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей: аудиторлық ұйымдарға, сот орындаушыларына, нотариусқа, аударманы жүзеге асыратын аудармашыға, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне, Қаржы мониторингі агенттігіне құпия ақпаратты жариялауға;<br>- Ұйыммен Кепілзатты бағалауға;<br>- Ұйымнан, сонымен қатар басқа құзыретті тұлғалардан (нотариус, сот органдары, сот орындаушылары және т.б.) смс-хабарламалар және мессенджерлер (WhatsApp, Telegram және т.б.) арқылы хабарламаларды, оның ішінде Микрокредитті өтеу және/немесе сыйақыны, әрекетті мерзімі кешіктірілген төлемді төлеу бойынша қарсаңдағы төлемдер туралы хабарламаларды, сонымен қатар жарнамалық сипаттағы ақпаратты алуға;<br>- өзінің барлық дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге, оның ішінде Қарыз алушыны фотосуретке түсіруге, Ұйым кеңсесінде видео және аудио жазбаны жүргізуге. | доверенности, а также на обращение в собственность Организации предмета залога если торги будут признаны несостоявшимися, в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения своих обязательств по погашению суммы Микрокредита, уплате вознаграждения и/или неустойки (пени, штрафа);<br>- на разглашение конфиденциальной информации в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, в том числе, но не ограничиваясь: аудиторским организациям, судебным исполнителям, нотариусу, переводчику, осуществляющему перевод, Агентству Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка, Агентство по финансовому мониторингу;<br>- на оценку Предмета залога Организацией;<br>- на получение уведомлений посредством смс-сообщений и мессенджеров (WhatsApp, Telegram и т.д.) и другими способами связи предусмотренные Залоговым билетом, как от Организации, так и от других компетентных лиц (нотариус, судебные органы, судебные исполнители и т.д.), в том числе уведомлений о предстоящих платежах по погашению Микрокредита и/или уплате вознаграждения, имеющейся просрочки, а также информации рекламного характера;<br>- на сбор, хранение и обработку всех своих персональных данных, в том числе на фотографирование Заёмщика, ведение видео и аудио записи в офисе Организации. |
| 6.9. Кепіл билетінде көзделген міндеттемелер орындалмаған кезде, оның ішінде істің қаралуын сот органдарына берген және/немесе кепіл нысанасын өндіріп алуды/өткізуді соттан тыс жүгінген кезде Қарыз алушы ұйымға барлық сот шығыстарын, орындау бойынша шығыстарды, нотариаттық іс-әрекеттер жасауға арналған шығыстар, мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, атқарушылық әрекеттер жасау бойынша шығыстарды: кепіл нысанасын сақтау үшін автотұраққа алып қоюға және қамауға алуға байланысты шығыстарды, оның ішінде эвакуатор қызметтерін толық көлемде өтейді; Кепілзатқа арналған құжаттардың түпнұсқаларын қалпына келтіруге байланысты барлық шығындар (техникалық құралды тіркеу туралы куәлік (техникалық паспорт), | 6.9. При неисполнении обязательств предусмотренных Залоговым билетом, в том числе при передаче рассмотрения дела в судебные органы и/или внесудебного обращения взыскания/реализации Предмета залога, Заёмщик возмещает Организации в полном объёме все судебные расходы, расходы по исполнению, расходы на совершение нотариальных действий, расходы по совершению исполнительных действий, включая, но не ограничиваясь: расходы связанные с изъятием и водворением для хранения Предмета залога на автостоянку, в том числе и услуги эвакуатора; все затраты, связанные с восстановлением оригиналов документов на Предмет залога (Свидетельство о регистрации технического средства (тех. паспорт), в случаях, когда указанные документы не были предоставлены и/или |

| | |
|---|---|
| көрсетілген құжаттарды Қарыз алушы ұсынбаған және/немесе жоғалтқан жағдайларда; Қарыз алушы оны өз бетінше төлемеген жағдайда Кепілзатқа төленген салық сомасы; төленбеген айыппұлдардың жалпы сомасы және т. б.). | утеряны Заемщиком; сумму налога, оплаченную на Предмет залога, в случае его неуплаты Заёмщиком самостоятельно; общую сумму неоплаченных штрафов и т.д. |
| 6.10. Тараптар арасындағы Кепіл билеті оның барлық шарттары толық орындалғаннан кейін өз қолданысын тоқтатады. | 6.10. Залоговый билет между Сторонами прекращает свое действие после полного исполнения всех его условий. |
| 6.11. Қарыз алушыда берешек пайда болған жағдайда, Ұйым Кепіл билетте көзделген барлық міндеттемелер бойынша талап ету құқығын беруді жүзеге асыруға және оларды талап ету құқығын беру шарты бойынша үшінші тұлғаға беруге құқылы. Ұйым Кепіл билет бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың қарыз алушымен Кепіл билет шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады. | 6.11. В случае образовавшейся задолженности у Заёмщика, Организация вправе осуществить уступку права требования по всем обязательствам, предусмотренным в Залоговом билете и передать их третьему лицу по договору уступки права требования. При уступке Организацией права (требования) по Залоговому билету третьему лицу, требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям кредитора с заемщиком в рамках Залогового билета, распространяются на правоотношения Заёмщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование). |
| 6.12. Тараптар мынаған келісті: тараптардың құқықтық қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына сәйкес Кепіл ұстаушы мен Кепіл беруші арасындағы құқықтық қатынастар ретінде қолданылады, осылайша «Ұйым» ұғымы «Кепіл ұстаушы» ұғымына барабар, ал «Қарыз алушы» ұғымы «Кепіл беруші» ұғымына барабар. | 6.12. Стороны договорились, что правоотношения сторон применимы в соответствии с действующим гражданским законодательством Республики Казахстан как правоотношения между Залогодержателем и Залогодателем, тем самым понятие «Организация» аналогично понятию «Залогодержатель», а понятие «Заемщик» аналогично понятию «Залогодатель». |
| 6.13. +7 ______________ Қарыз алушының мобильді телефон нөмірі.<br>Телефон нөмірі Жеке кабинетке кіруге арналған сәйкестендіргіштердің бірі болып табылады.<br>Ұйым барлық хабарламалар, шағымдар, Өтеу кестелері және кез келген басқа құжаттар мен өтініштер смс-хабарламалар, мессенджерлер (WhatsApp, Telegram және т.б.) арқылы фото және аудио/бейне хабарламалар арқылы Қарыз алушының телефон нөміріне жіберілетін болады.<br>Тараптар Қарыз алушының телефон нөміріне жіберілген хабарламаның және наразылықтардың Қарыз алушының тиісті хабарламасы болып табылатынына келісті. | 6.13. +7 ______________ мобильный номер телефона Заёмщика.<br>Номер телефона является одним из идентификаторов для входа в Личный кабинет.<br>Все уведомления, Графики погашения, претензии Организацией будут направлены на номер телефона Заёмщика посредством смс-сообщений и мессенджеров (WhatsApp, Telegram и т.д.).<br>Стороны согласились, что уведомления и претензии на номер телефона Заёмщика является надлежащим уведомлением Заёмщика |
| 6.14. Кепіл билет талаптары бойынша Кепілзат Қарыз алушының иелігінде және пайдалануында қалады (басқару құқығымен).<br>Кепіл билетке қол қойып, Қарыз алушы | 6.14. Залоговый билет заключен с условием, при котором Предмет залога остается во владении и пользовании Заёмщика (с правом управления). |

| | |
|---|---|
| Ұйымнан Кепілзатты жауапты сақтауға алғанын растайды. | |
| 6.15. Кепіл билетін барлық Қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады. | 6.15. Все Приложения к Залоговому билету являются его неотъемлемой частью. |
| 6.16. Өтеу кестесіне Тараптар өз қолымен, сонымен қатар электронды тәсілмен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қол қоюы мүмкін. | 6.16. График погашения может быть подписаны Сторонами, как собственноручной подписью, так и электронным способом в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан. |
| 6.17. Қаржылық есеп айырысулар кезінде, сондай-ақ Өтеу кестелерін жасау кезінде Қарыз алушы төлемдер сомасын дөңгелектеудің арифметикалық әдісі қолданылатынына келіседі (50 тиынға дейінгі тиын сомасы 0-ге дейін дөңгелектеуге; 50 тиыннан бастап және одан жоғары 1 теңгеге дейін дөңгелектеуге). | 6.17. При финансовых расчётах, а также при составлении Графиков погашения Заемщик соглашается, что применяется арифметический метод округления суммы платежей (сумму тиын до 50 тиынов округлять до 0; от 50 тиын и выше округлять до 1 тенге. |